



Datejust 31

Oyster, 31 мм, Oystersteel және ақ алтын

Бұл Oyster Perpetual
Datejust 31 Oystersteel
және ақ
алтын жасалған,
жалбызды жасыл
циферблат пен Jubilee
білезігімен
ерекшеленеді.




ОЙМАЛЫ БЕЗЕЛЬ

Rolex қолтаңбасы

Rolex оймалы безелі — айрықшалықтың белгісі. Бастапқыда Oyster безелінің функционалдық мақсаты болды: ол сағатқа судың өтіп кетпеуін қамтамасыз ету үшін безельді корпуста бұрау үшін қызмет ететін.

Сондықтан ол корпус артындағы оймамен бірдей болды. Сонымен қатар, арнайы Rolex құралдарын қолдану арқылы суға төзімділікті қамтамасыз ету үшін, ол корпусқа бұрап бекітілген. Уақыт өте, ойма эстетикалық элементке, Rolex бірегейлік белгісіне айналды. Қазір осы Datejust 31 моделінде алтыннан жасалған оймалы безель — айрықшалықтың белгісі.




ЖАЛБЫЗ ЖАСЫЛ ЦИФЕРБЛАТ

Сағат жасау техникасы

Күн сәулесі жалтырайтын өңделім Oyster Perpetual коллекциясының көптеген циферблаттарында нәзік жарықтың шағылысуын жасайды. Ол циферблаттың ортасынан сыртына қарай шығып жырашық құратын шебер орындалған тазалау әдістерін қолданып жасалады.

Жарық әр оймыштың бойында біркелкі тарап, білектегі орнында қозғалуына байланысты өзіне тән нәзік жарқыл жасайды. Күн сәулесі жалтырайтын өңделім аяқталған соң, циферблат түсіне металл буларын конденсациялауды немесе гальвандауды

қолданады. Лактаудың жұқа жабыны циферблатқа соңғы түрді береді.




АҚ ROLESOR

Екі металдың кездесуі

Алтын жалтырауымен және асылдығымен бағаланады. Болат күштілікті және сенімділікті бейнелейді. Бірігіп олар өз қасиеттерінің өте тиімді тіркесімін құрайды.

Rolesor — Rolex бұйымдарындағы фирмалық ерекшелік, 1930 жылдардың басында пайда болды, ал 1933 жылы сауда белгісі ретінде шықты. Қазіргі уақытта ол Oyster Perpetual коллекциясының негізгі ерекшеліктерінің бірі.



JUBILEE БІЛЕЗІГІ

Икемді және ыңғайлы

Rolex білезіктері мен түймеліктерінің дизайны, оларды шығару, тестілеу алдыңғы қатарлы жоғары технологияларды қажет етеді.

Сағаттың барлық компоненттері тәрізді, шебердің визуалды бақылауы олардың мінсіз сұлулығына кепілдік береді. Икемді және ыңғайлы бесқатарлы түйіні бар металл Jubilee білезігі 1945 жылы жасалған Oyster Perpetual Datejust моделі үшін арнайы әзірленген.

Толығырақ техникалық деректер Datejust

Сілтеме 278274

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 31 мм, Oystersteel және ақ алтын

Диаметрі

31 мм

Безель

Науалы

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, екі есе суға төзімді Twinlock жүйесі

Кристал

Сызаттардың пайда болуына төзімді, жақұтты, күнін көрсету терезесінде Cyclops линзасы

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 100 метрге / 330 футқа дейін

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты түрде құлағынан бұрау

Калибр

236, Rolex өндіру зауыты

Қуат қоры

Шамамен 55 сағат

Білезік

Түрі

Jubilee, бесқатарлы түйін

Білезік материалы

Oystersteel болаты

Түймелік

Ашылмалы тоғамен Crownclasp
жасырын түймелігі

Циферблат

Түрі

Жалбызды жасыл

Сертификаттау

Түрі

Дәлдігі жоғары хронометр
(механизмді корпусына орнатқаннан
кейін COSC + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты **Rolex.com** сайтында зерттеңіз және біліңіз

**Сауда белгілері, қызмет көрсету
белгілері, сауда атаулары, дизайн және
авторлық құқық тәрізді барлық
зияткерлік меншік құқықтары
қорғалған.**

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты
жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды.
Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы
модельдерді өзгерту құқығын өзіне
қалдырады.

